

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫСУМЕН ӨТЕТІН «ТРАНСФУЗИЯЛЫҚ ТЕРАПИЯНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХІІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ,
2025 ЖЫЛҒЫ 17-18 СӘУІР**

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы 2025 жылғы 17-18 сәуірде өтетін «Трансфузиялық терапияның өзекті мәселелері» тақырыбындағы халықаралық конференцияның ғылыми бағдарламасын қалыптастыруға қатысуға шақырады

Конференция жұмысына өндірістік және клиникалық трансфузиология саласындағы мамандар, Қазақстан мен ТМД мемлекеттік және үкіметтік емес денсаулық сақтау ұйымдарының өкілдері, трансфузиялық медицина саласындағы шетелдік мамандар қатысады.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қан қызметін дамытудың өзекті мәселелерін талқылау.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ:

Абдрахманова Сания Алишевна – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК басқарма төрағасы, ұйымдастыру комитетінің төрағасы;

Савчук Татьяна Николаевна – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК басқарма төрағасының бірінші орынбасары, ұйымдастыру комитетінің мүшесі;

Уалиев Сабит Дарханович – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» стратегиялық және инновациялық даму басқармасының жетекшісі, ұйымдастыру комитетінің мүшесі.

КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

1-секция «Донорлық қан компоненттерін клиникалық қолдану»

2-секция «Өндірістік трансфузиологияның өзекті мәселелері»

3-секция «Трансфузиялық медицинадағы зертханалық диагностика»

4-секция «Қан қызметінің жұмысын жетілдіру»

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ РЕСМИ ТІЛДЕРІ:

Қазақ, орыс, ағылшын

ҚАТЫСУ НЫСАНЫ:

Ауызша баяндама, тезис, тыңдаушы

ӨТКІЗУ ФОРМАТЫ:

аудиторлық формат, online трансляция (ZOOM веб-платформасы)

СӨЗ СӨЙЛЕУДІҢ ҰЗАҚТЫҒЫ:

15-20 минут

ӨТЕТІН ОРНЫ:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Saad Hotel Astana, Достық 2 к-сі

НЕГІЗГІ КҮНДЕРІ:

Баяндамалармен қатысу бойынша өтінімдер мен ұсыныстарды қабылдау – **2025 жылғы 1 наурызға дейін;**

Тезистерді қабылдау – **2025 жылғы 15 наурызға дейін;**

Тыңдаушы ретінде қатысу үшін өтініштерді қабылдау – **2025 жылғы 1 сәуірге дейін.**

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА:

Баяндамалар мен тезистерді **omninpct16@mail.ru** электрондық поштасына жіберу қажет.

Тезистерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынуға болады.

Тезистер ешқандай түзетусіз жарияланады. Тезистердің мазмұнына авторлар жауапты болады.

Конференцияның ұйымдастыру комитеті сапасыз және нашар редакцияланған тезистерді конференция бағдарламасына енгізуден бас тартуға құқылы.

Конференция материалдары «Кан қызметі» ғылыми-практикалық журналының арнайы шығарылымында жарияланады.

ТІРКЕУ ЖАРНАСЫН ЕНГІЗУ:

Конференция жұмысына қатысу өтеусіз

ХАТШЫ:

Тезистер мен баяндамаларды қабылдау үшін жауапты тұлға:

Жангазиева Куралай Хайдаровна – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК ғылыми зерттеулер менеджменті бөлімінің басшысы

Мобильдік телефонының нөмірі: +7-701-526-07-61

E-mail: omninpct16@mail.ru

Конференцияға қатысуды тіркеу үшін жауапты тұлға:

Юн Лилия Витальевна – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК статистикалық талдау, клиникалық аудит және қан қызметінің мониторингі бөлімінің басшысы


Мобильдік телефонының нөмірі: +7-702-414-13-34

E-mail: omo_astana.2011@mail.ru

Қосымша ақпарат және тіркеу рәсімі конференция сайтында қолжетімді w.w.w.spct.kz

Қатысу өтінімі міндетті түрде әр қатысушыға толтырылады

- Осы сілтеме бойынша өту
<https://forms.gle/Wi4YmQDMuN9PayKQA>
(немесе)
- QR-кодты сканерлеу

**ТЕЛЕГРАММДАҒЫ ТОП**

- https://t.me/+JfFgVFE_ZvIwYTU6 сілтемесі бойынша өту (немесе)
- QR-кодты сканерлеңіз

ТЕЗИСКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

Негізгі мәтін

Тезистер Word форматында жіберіледі (.doc немесе .docx); аралығы – бір қадамымен; гарнитурасы – Times New Roman, кегль 12. Мәтін өлшемі 400 сөзден аспау керек. Тезистерде тегінің асты сызылған қаріппен көрсетілетін негізгі автордың корреспонденциясы үшін электрондық мекенжай болу керек.

Тезисте мынадай бөлімдер болу керек: кіріспе, мақсаты, әдістер, нәтижелер мен қорытындылар және конференцияның ресми тілдерінің бірінде (қазақ, орыс немесе ағылшын) ұсынылады.

Тезистердің мәтінінде суреттер, кестелер, әдебиеттер тізімі болмау керек.

Қысқартулар мәтінде бірінші рет қолданылғаннан кейін жақшада көрсетілу керек, мысалы: гемопоэздік дің жасушалары (ГДЖ). Стандартты өлшем бірліктер түсіндіруді қажет етпейді.

Тезисті рәсімдеу үлгісін осы ақпараттық хатқа қосымшадан көруге болады.

Тезисті рәсімдеу үлгісі

ТРАНСФУЗИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫНДА ҚАН ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ ДОНОРЛАРЫН ТАРТУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

А.К. Сагамбаева, С.А. Абдрахманова, Д.М. Имашпаев

К.Х. Жангазиева, М.М. Жадыгер, Н.С. Туякова

ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми - өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК,

Астана, Қазақстан

omninpct16@mail.ru

Кіріспе. Қан және оның компоненттерінің донорлығын дамыту Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың стратегиялық бағыты ретінде танылған. Қан тапсыру шешімі көптеген факторларды, оның ішінде альтруизм, әлеуметтік мінез-құлық және өз денсаулығын күтуді қамтиды.

Мақсаты. Ерікті донор болуға септігін тигізетін қан және оның компоненттерінің донорларын тартудың мотивациялық және психологиялық факторларын зерттеу.

Әдістері. Анонимдікті сақтай отырып, зерттеуге қатысуға келісім берген 1071 қан және оның компоненттері донорларына әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Деректерді жинау үшін арнайы әзірленген сауалнама пайдаланылды. Сауалнамалар Microsoft Office Excell бағдарламасындағы жиынтық кестелер опциясы арқылы өңделді.

Нәтижелері. Респонденттердің біршама бөлігін 18 бен 60 жас аралығындағы ер адамдар (59%) құрады. Респонденттердің басым бөлігі (56,1%) отбасын құрғандар, 70% жоғары білім бар. Донорлардың жетпіс пайыздан астамы (71,3%) қызметкер болып жұмыс істейді. Респонденттердің 41,6% тұрақты донорлық, ал 36% қайталама донорлар болды, қанды алғаш тапсырғандар 22,4% құрады.

Респонденттердің 42,5% пациенттің өмірін сақтап қалу ниеті, азаматтық борыш сезімі (16,3%) және өз денсаулығын күту (16,5%) донорлыққа қатысуға түрткі болғанын көрсетті. «Құрметті донор» атағын алуды (7,1%) донор белгіледі, (1,2%) донорды материалдық сыйақы аса қызықтырған жоқ.

Респонденттердің басым көпшілігі (93,5%) донорлықты өз денсаулығы үшін жеткілікті қауіпсіз процедура ретінде бағалады, 6,5% ғана қорқыныш сезімі болды, оның ішінде 86,6% елеулі қорқыныш және 13,4% қатты қорқыныш орын алды. Қорқынышты бастан өткергендердің жалпы санын қарайтын болсақ, респонденттердің 91% қорқыныш сезімін өз бетінше, 9% медицина қызметкерлерінің көмегімен жеңген.

Донорлықтан бас тартудың себептерін көрсетіңіз деген сұраққа респонденттердің 41,9% инфекция жұқтырудың қорқынышы, ал 23,2% медицина қызметкерлері тарапынан әдепсіз көзқарас деп жауап берді.

Қорытынды. Зерттеу донорлардың арасында ер адамдар қауымы қанды жиірек тапсыратынын көрсетті. Зерттеуге сәйкес донорлықты ынталандыратын негізгі факторлардың бірі - «науқастың өмірін сақтау» болып табылады. Сонымен қатар, респонденттердің біршама бөлігі инфекцияның қандай да бір түрін жұқтыру қорқынышының бар екенін көрсетті. Сауалнамаға ТҒӨО келушілері (яғни, донор болуды таңдаған адамдар) қатысқанымен, қан қызметі саласындағы мамандарға халықты қан тапсырудың қауіпсіздігі туралы дұрыс ақпараттандыру жолына ерекше көңіл бөлгені жөн.